

## АгроОнеркәсіптік кешенниң мұқтажы үшін "Дән" бірлескен кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 мамыр 1993 ж. N 387

Совхоздарды, колхоздарды, басқа да ауыл шаруашылық товар өндірушілері мен ұқсату кәсіпорындарын материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтауды одан ары жақсарту және тереңдеген нарықтық қатынас жағдайында олардың өнімдерін тиімді сатуына көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "ҚазагроӨнеркәсіптехникасы" Республикалық бірлестігінің жүйесінде совхоздарға, колхоздарға, шаруа қожалықтарына, басқа ауыл шаруашылық товар өндірушілері мен ұқсату кәсіпорындарына шет ел капиталын тарта отырып олардың өнімдерін сатуға, озық технологияны енгізуге, баспа-бас айырбас және басқа операциялар негізінде қажетті материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етуге қызмет көрсету жөніндегі аралық қызмет құру туралы ұсынысы қабылдансын.
2. "Қазақстан" сыртқы экономикалық ассоциациясы, "Каргил Интернейшнл СА" (АҚШ) корпорациясы құрған "Дән" бірлескен кәсіпорнын жасау мақұлдансын.
3. "Дән" бірлескен кәсіпорнына совхоздардан, колхоздардан, шаруа қожалықтарынан, кооперативтік бірлестіктерден және басқа ауыл шаруашылық товар өндірушілерден мемлекет мұқтажы үшін белгіленген тапсырманы шаруашылық субъектілер орындағаннан кейін астықтың, жеміс-көкөністің және мал шаруашылығы өнімдерінің артығын сатып алуға рұқсат етілсін. Оның төлемі екі жақтың өзара келісімі негізінде валютамен, соммен, сондай-ақ фьючерлік мәміле жолымен, бірақ Үкімет белгілеген алдын ала бағадан төмен болмайтындей дәрежеде жүзеге асырылуы мүмкін.
4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Дән" бірлескен кәсіпорнын мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап экспорттық-импорттық операцияларды жүргізу барысында түсетін валюталық түсімнен 3 жыл мерзімге, ол 1993-1994 жылдың өнімінен астық экспортты бойынша түсетін валюталық түсімнің аударымынан босатсын.

5. Қазақ мемлекеттік-акционерлік "Қазастықөнімі" концерні "Дән" бірлескен кәсіпорнына баланстық құнымен 600 мың тонна, оның ішінде облыстар бойынша: Қостанайға - 150 мың тонна, Ақмолаға, Қекшетауға, Солтүстік Қазақстанға, Торғайға 100 мың тонна және Қарағандыға 50 мың тонна элеваторлық ыдыстарды 5 жыл мерзімге жалға берсін.

"Дән" бірлескен кәсіпорны жалға алынған элеваторлық ыдыстарда шаруашылықтардан астықты жауапты сақтауға да, сондай-ақ мемлекет мұқтажы үшін қабылданап алудың да барлық шарттарын сақтайтын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Дән" бірлескен кәсіпорнының орталық аппаратын Алматы қаласының Ленин даңғылындағы 38 үйге орналастыру туралы мәселені шешсін.

7. Қазақстан Республикасының жергілікті жерлердегі әкімдері, министрліктері мен ведомстволары "Дән" бірлескен кәсіпорнының ауыл шаруашылық товарын өндірушілерге қызмет көрсету жөніндегі міндеттерді орындаудына жәрдем көрсетсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК